

# J E T I S T I K K E J O L

2025-2026 OQU JYLY



«АБАЙ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ» ММ  
«ДАРЫНДЫЛЫҚ ПЕН ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУДІ  
ДАМУДЫҢ ОБЛЫСТЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК  
«ДАРЫН» ОРТАЛЫҒЫ» КМҚК



А Б А Й  
Д А Р Ы Н Д А Р Ы



Ж Е Т І С Т І К К Е  
Ж О Л



«АБАЙ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ» ММ  
«ДАРЫНДЫЛЫҚ ПЕН ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУДІ  
ДАМУДЫҢ ОБЛЫСТЫҚ ҒЫЛЫМИ-  
ӘДІСТЕМЕЛІК  
«ДАРЫН» ОРТАЛЫҒЫ» КМҚК  
ДИРЕКТОРЫ  
НЫЯЗБЕКОВА ЖАДЫРА НЫЯЗБЕКОВНА

**Құрметті әріптестер!**

Сіздерді жаңа оқу жылының басталуымен шын жүректен құттықтаймын!

Бүгінгі таңда мемлекет тарапынан білім мен ғылымды дамытуға айрықша көңіл бөлініп отыр. Жаңа заман талабына сай білім беру жүйесі де түбегейлі жаңарып, шығармашыл әрі жан-жақты жеке тұлғаны қалыптастыруға басымдық берілуде. Осы орайда, Абай облысы білім басқармасы мен «Дарын» ғылыми-әдістемелік орталығы оқушылардың интеллектуалдық дағдыларын дамытуға, дарынды балаларды анықтап, оларды республикалық және халықаралық олимпиадалар мен конкурстарға даярлауға зор үлес қосып келеді.

Дарынды балаларды қолдау жүйесі оқушылар мен ата-аналарды, мұғалімдер мен жоғары оқу орны оқытушыларын бір мақсатқа жұмылдырады. Еліміздің зияткерлік әлеуетін арттыруда ұстаздар қауымының орны ерекше. Жас дарындардың қабілетін ұштап, олардың биік белестерді бағындыруына жол ашып жүрген барша педагогтерге және тәлімгерлерге қажырлы еңбектері мен адал қызметтері үшін шынайы алғысымды білдіремін.

Шәкірт жүрегіне шырақ жағып, дұрыс бағыт-бағдар беріп жүрген ұстаздар қауымына жаңа оқу жылында толайым табыс, шығармашылық шабыт пен сарқылмас қайрат тілеймін!

---

## Т. АМАНОВ АТЫНДАҒЫ ОБЛЫСТЫҚ ОҚЫТУ СЕМИНАРЫ: МАТЕМАТИКАЛЫҚ ОЛИМПИАДАЛАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ МЕН СТРАТЕГИЯЛАРЫ

---



Қазіргі білім беру кеңістігінде жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндерді оқытудың сапасын арттыру, әсіресе дарынды балаларды ерте жастан анықтап, жүйелі түрде олимпиадалық резервті қалыптастыру – маңызды ғылыми-педагогикалық міндеттердің бірі. Осы бағытта 2025 жылдың 1 қазан күні «Семей қаласы білім бөлімі» ММ «Т. Аманов атындағы №16 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ базасында көрнекті ғалым, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор Т.И. Амановтың есімін ұлықтауға және оның ғылыми-педагогикалық мұрасын дәріптеуге арналған облыстық оқыту семинары ұйымдастырылды.

Семинардың басты мақсаты – математика пәнінен дарынды оқушылармен жұмыс істеудің теориялық және тәжірибелік негіздерін жетілдіру, олимпиадалық тапсырмаларды шешудегі озық әдістемелерді жинақтау және өңірлік деңгейде тарату.

### СЕМИНАРДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК БАҒЫТТАРЫ ЖӘНЕ ОЗЫҚ ТӘЖІРИБЕЛЕРІ

Іс-шараға Абай облысының әр өңірінен 30-ға жуық математика пәнінің озық мұғалімдері қатысты. Теориялық және практикалық тұрғыдан маңызды бұл басқосу педагогтер арасындағы кәсіби коммуникацияны нығайтып, ынтымақтастық пен ғылыми-әдістемелік ізденісті дамытуға қолайлы орта қалыптастырды.

Семинар барысында оқыту үдерісінің тиімділігін арттыру мақсатында Инновациялық даму зертханасы әдіскерлері тарапынан мынадай кешенді ұсыныстар тұжырымдалды:



1. **Сатылы жүйелілік:** Олимпиадалық дайындыққа жүйелі көзқарас ұстанып, мектепшілік, аудандық, облыстық және республикалық деңгейлерге сай күрделілік дәрежесі әртүрлі тапсырмалар жүйесін жасақтау.
2. **Әдістемелік әртараптандыру:** Есептерді шешудің әдістері мен тәсілдерін кеңейтіп, оқушылардың логикалық және абстрактілі ойлау қабілетін дамыту.
3. **Өзіндік рефлексия:** Оқушының дербес жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, өзіндік талдау жасау (рефлексия) қабілетін шыңдау.
4. **Шығармашылық мини-жобалар:** Белгілі бір олимпиадалық тақырыптар төңірегінде мини-жобалар ұйымдастыру арқылы оқушыларды ғылыми-ізденіс қызметіне баулу.
5. **Тәжірибе алмасу:** Педагогикалық қауымдастық шеңберінде білім алмасу мен озық іс-әрекет тәжірибелерін кеңінен тарату.


---

## ПЕДАГОГИКАЛЫҚ      ИННОВАЦИЯЛАР      ЖӘНЕ      АВТОРЛЫҚ ӘДІСТЕМЕЛЕР

Оқушыларды математикалық олимпиадаларға дайындаудың тиімді стратегиялары мен күрделі есептерді шешудің алгоритмдері бойынша өздерінің үздік педагогикалық тәжірибелерімен бөліскен жетекші мұғалімдердің қызметі ерекше аталды:

- Алтынжанов Қуаныш Мубаракович (Ұржар ауданы білім бөлімінің «Қарақол орта мектеп-бақшасы» КММ математика пәні мұғалімі) – олимпиадалық есептерді шешудегі логикалық тәсілдерді оқу үрдісіне енгізу жолдарын көрсетті.

- Султангазина Ляйля Базенгалиевна (Бородулиха ауданы білім бөлімінің «Переменовка орта мектебі» КММ математика пәні мұғалімі) – оқушылардың танымдық белсенділігін арттырудың әдістемелік құралдарын ұсынды.
- Смагулова Майя Мейрамбековна (Мақаншы ауданы білім бөлімінің «Қарабұлақ орта мектебі» КММ математика пәні мұғалімі) – математикалық дарындылықты ерте жастан анықтау мен бағыттау тәжірибесімен бөлісті.
- Жолдас Ілияс Исламұлы (Абай облысы білім басқармасының «Семей қаласындағы облыстық дарынды балаларға арналған мамандандырылған «БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ» лицейі» КММ математика пәні мұғалімі) – жоғары деңгейдегі олимпиадалық тапсырмаларды шешудің авторлық стратегияларын таныстырды.



Профессор Т. Амановтың ғылыми және ұстаздық жолы қазіргі жас буын мен педагогтер үшін баға жетпес ғылыми бағдар болып табылады. Оның ғылыми еңбектеріне сүйене отырып, математика ғылымының әдіснамасын мектеп қабырғасында тереңдетіп оқыту – өскелең ұрпақтың зияткерлік әлеуетін арттырудың кепілі. Осындай ғылыми-әдістемелік семинарлар өңірдегі математикалық білім беру сапасын сапалы жаңа деңгейге көтеруге айтарлықтай үлес қосады.

Бохаева А.С.- «ДҚББДОҒӘ «Дарын» орталығы» КМҚК инновациялық даму зертханасының әдіскері.

## ЗИЯТКЕРЛІК КӨШ БАСТАУШЫЛАРЫ: Ж. БАЗЕНОВ АТЫНДАҒЫ ОЛИМПИАДА АЯСЫНДА ОБЛЫСТЫҚ СЕМИНАР

Білім мен ғылымды ұштастырып, оқушылардың терең білім алуына жол ашатын дәстүрлі олимпиадалардың маңызы жыл санап артып келеді. Осы орайда, Ж. Базенов атындағы математика және физика пәндерінен олимпиада аясында облыс ұстаздарының басын қосқан мазмұнды іс-шара ұйымдастырылды. Облыс білім беру мекемелерінен 60 педагогті қамтыған бұл ауқымды жиын «Математика-физика пәндерінен олимпиадалық есептерді шығарудың заманауи тәсілдері» тақырыбына арналды.



### СЕМИНАРДЫҢ БАСТЫ МАҚСАТЫ МЕН ӨЗЕКТІЛІГІ



Бүгінгі таңда жаратылыстану-математика бағытындағы пәндерді оқыту сапасын жаңа сатыға көтеру — ең өзекті мәселелердің бірі. Семинардың басты мақсаты — педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру, олимпиадалық есептерді шешудің тиімді әдістемелерін тәжірибеге енгізу және дарынды балалармен жүйелі жұмыс істеудің озық стратегияларын ортаға салу.

Жиын барысында қатысушы ұстаздар есеп шығарудың стандарттан тыс жолдарын талқылап, пәндер аралық байланысты тиімді пайдалану жолдарын қарастырды.

## ТЕОРИЯ МЕН ПРАКТИКАНЫ ҰШТАСТЫРҒАН МАЗМҰН



Семинар бағдарламасы өте бай және мазмұнды болды.

- **Инновациялық әдістемелер:** Математика және физика пәндерінен күрделендірілген олимпиадалық есептердің құрылымын талдау тәсілдері көрсетілді.
- **Практикалық бағыт:** Қатысушылар топтық жұмыстар арқылы күрделі есептерді шешудің жаңа алгоритмдерін құрып, өзара пікір алмасты.
- **Тәжірибе алмасу алаңы:** Өз іс-тәжірибесінде жоғары нәтиже көрсетіп жүрген жетекші педагогтер заманауи оқыту технологиялары мен авторлық әдістемелерімен бөлісті.

Облыс көлемінде өткен бұл іс-шара педагогтердің кәсіби өсуіне серпін беріп қана қоймай, өңірдегі математика және физика пәндерінің оқытылу сапасын арттыруға бағытталған маңызды әдістемелік алаңға айналды. Бұл іс-шара болашақта олимпиада жеңімпаздарын даярлау жолындағы игі істердің жалғасы болып, ұстаздардың шығармашылық ізденісін арттыра түсетіні анық.



## «МАТЕМАТИКАЛЫҚ ОЛИМПИАДАЛЫҚ ЖӘНЕ ЛОГИКАЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАРДЫ ШЕШУДІҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ»

Зияткерлік шыңға бастайтын жол: «Математикалық олимпиадалық және логикалық тапсырмаларды шешудің әдіс-тәсілдері» бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған облыстық семинар өткізілді.

Бастауыш сынып оқушыларының математикалық сауаттылығын арттыруға бағытталған мазмұнды семинар өтті. Бұл іс-шара тек тәжірибе алмасатын алаң ғана емес, ұстаздар қауымы үшін жаңа педагогикалық ізденістердің бастауына айналды.



### МАҚСАТ ПЕН МАҢЫЗДЫ МІНДЕТТЕР

Семинардың басты мақсаты — бастауыш сынып оқушыларына арналған олимпиадалық және күрделенген логикалық есептерді тиімді шешу жолдарын тәжірибеде қолдану, ұстаздардың әдістемелік шеберлігін жетілдіру.

Жиын барысында мынадай өзекті міндеттер жүйеленді:

- ◆ Олимпиадалық тапсырмалардың құрылымын терең талдау;
- ◆ Логикалық ойлауды дамытуға бағытталған тиімді әдіс-тәсілдерді оқу үрдісіне енгізу;
- ◆ Күрделі есептерді шешудің озық стратегияларын көрсету;
- ◆ Дарынды және қабілетті оқушылармен жұмыс жүргізудің заманауи тәсілдерін ұсыну арқылы өзара тәжірибе алмасу.

## ТЕОРИЯ МЕН ТӘЖІРИБЕНІ ҰШТАСТЫРҒАН МАЗМҰН

Семинар барысында қатысушыларға теориялық және практикалық бағыттағы мазмұнды жұмыстар ұсынылды. Атап айтқанда:

- Олимпиадалық есептердің түрлері (логикалық, комбинаторикалық, стандарттан тыс есептер) жан-жақты талданды.
- Есеп шығару барысында қолданылатын талдау, салыстыру, модельдеу, кері есеп құрастыру және болжам жасау әдістері көрсетілді.
- Оқушылардың шығармашылық әлеуетін ашатын арнайы тапсырмалар жүйесі ұсынылды.

Практикалық бөлімде ұстаздар топтық жұмыс арқылы есептерді шешудің бірнеше тәсілін өзара салыстырып, ең тиімді жолдарын анықтады. Тәжірибелі педагогтердің белсенді қатысуымен өткен бұл бөлімде спикерлер өз тәжірибелерінен мысалдар келтіріп, кәсіби пікір алмасты.

### Озық іс-тәжірибе бөліскен үздік ұстаздар

Аталған іс-шараның мазмұнды өтуіне өздерінің кәсіби шеберліктерімен үлес қосқан бір топ ұлағатты ұстаздарға шығармашылық табыс тілейміз:

1. Нұрғабиева Гүлмира Қалыбекқызы — Семей қаласы «Ыбырай Алтынсарин атындағы №37 гимназиясы» КММ бастауыш сынып мұғалімі;
2. Кабакаева Айман Есболатовна — Семей қаласы «Ыбырай Алтынсарин атындағы №37 гимназиясы» КММ бастауыш сынып мұғалімі;
3. Аяпбергенова Ляззат Даулеткалиевна — Семей қаласы «Шәкәрім атындағы көпбейінді №5 гимназия» КММ бастауыш сынып мұғалімі;
4. Шоманова Самал Қуанышевна — Семей қаласы «Шәкәрім атындағы көпбейінді №5 гимназия» КММ бастауыш сынып мұғалімі;
5. Сарбасова Тынысжан Отешовна — Үржар ауданы «Абылай хан атындағы орта мектеп-бақша» КММ бастауыш сынып мұғалімі;
6. Оразаева Алуа Каденовна — Үржар ауданы «Абылай хан атындағы орта мектеп-бақша» КММ бастауыш сынып мұғалімі.



Аталған іс-шара бастауыш білім беру сапасын жаңа сатыға көтеруге бағытталған маңызды әдістемелік алаң болды. Семинар мазмұны мұғалімдердің кәсіби өсуіне зор ықпал етіп, математикалық олимпиадалық және логикалық тапсырмаларды оқыту үдерісіне тиімді енгізудің нақты жолдарын көрсетті. Бұл бастауыш сынып оқушыларының математикалық мәдениетін қалыптастырып, зияткерлік әлеуетін дамытуға қосылған айтарлықтай үлес болды.

## ТІЛ МЕРЕКЕСІ ЖӘНЕ ҰЛЫ АБАЙ ТАҒЫЛЫМЫ: АБАЙ ОБЛЫСЫНДА БІРЫҢҒАЙ ДИКТАНТ

Қазақстан Республикасы Тілдері күні мерекесі мен ұлы ақын, ғұлама ойшыл Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойы қарсаңында Абай облысы білім басқармасына қарасты білім беру ұйымдарында ауқымды рухани шара ұйымдастырылды. 2025 жылғы 5 қыркүйек күні өңір мектептерінде 9-11 сынып оқушыларына арналған «Ұлы Абай туралы қызықты 10 дерек» тақырыбында мемлекеттік тілде бірыңғай диктант өтті.



### БАСТЫ МАҚСАТ – ТІЛДІҢ ҰЙЫТҚЫЛЫҚ РӨЛІН НЫҒАЙТУ

Мемлекеттік тілдің Қазақстан халқын біріктіруші басты фактор ретіндегі қоғамдағы рөлін арттыруға бағытталған бұл шараның маңызы айрықша. Ұйымдастырушылар алдына бірнеше маңызды міндет қойды:

**Сауаттылықты шыңдау:** Қатысушыларға мемлекеттік тілдегі сауатты жазу деңгейін тексеруге мүмкіндік беріп, сауаттылықтың маңыздылығына назар аударту;

**Ұлттық сананы қалыптастыру:** Ұлы тұлғалардың өмірі мен мұрасын насихаттау арқылы саналы қоғам қалыптастыруға ықпал ету;

**Бірлікті нығайту:** Мемлекеттік тілдің этносаралық қатынас тілі ретінде қазақстандық бірегейлікті қалыптастыруға, қоғамдық келісім мен ел бірлігін нығайтуға тигізетін әсерін арттыру.

## АУҚЫМДЫ КӨРСЕТКІШ: 20 МЫҢҒА ЖУЫҚ ОҚУШЫ ҚАМТЫЛДЫ



Бұл білім мен сауат бәсекесі облыс көлемінде ерекше қарқынмен өтті. Диктант жазуға Абай облысының барлық жалпы білім беретін ұйымдары мен мамандандырылған мектептерінен 19 181 оқушы қатысып, жоғары белсенділік танытты.

Сандарға үңілсек, шараның қамту аясының кеңдігі айқын көрінеді:

- Қазақ тілінде оқытылатын сыныптардан 15-18 жас аралығындағы 14 110 оқушы қатысты;
- Орыс тілінде оқытылатын сыныптардан 5 071 оқушы мемлекеттік тілдегі сауаттарын сынады;
- Сондай-ақ шараға өңірдегі түрлі этнос өкілдері мен 500-ге жуық педагог қатысып, тілге деген құрметтің ортақ іс екенін паш етті.



## РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ЖӘНЕ ТІЛ МЕРЕКЕСІНІҢ МӘНІ

«Ұлы Абай туралы қызықты 10 дерек» негізінде жазылған диктант тек қана орфографиялық немесе пунктуациялық қағидаларды тексеру құралы ғана емес, жас ұрпақтың кемеңгер ақын әлемімен қайта қауышуына жол ашқан рухани қадам болды. Оқушылар диктант мәтіні арқылы Абайдың өмірі мен шығармашылығына қатысты тың деректермен танысып қана қоймай, туған тілдің тұғырын биіктетуге өз үлестерін қосты.

Тіл мерекесі күні өткен бұл бірыңғай диктант өңір жастарының мемлекеттік тілге деген шынайы сүйіспеншілігін, сауаттылыққа ұмтылысын және ұлттық құндылықтарды қастерлейтінін тағы бір мәрте дәлелдеді.

Толегенова К.Т.- «ДҚББДОҒӘ «Дарын» орталығы» КМҚК инновациялық даму зертханасының әдіскері

## СӨЗ ЗЕРГЕРЛЕРІНІҢ БӘЙГЕСІ: «ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІНЕН ОҚУШЫЛАРДЫ ОЛИМПИАДАҒА ДАЙЫНДАУДЫҢ ЖОЛДАРЫ»

Тіліміздің тұғырын биіктетіп, руханиятымыздың өзегі болған қазақ тілі мен әдебиеті пәні – ұлттың жанын танытатын алтын көпір. Осы орайда жас ұрпақтың ана тіліне деген сүйіспеншілігін оятып, білімін шыңдауда пән олимпиадаларының орны ерекше.

### Рухани басқосу және ортақ мақсат

2026 жылғы 17 наурыз күні 9-11 сынып оқушылары арасындағы қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен Қ. Бітібаева атындағы республикалық олимпиаданың облыстық кезеңі аясында маңызды шара ұйымдастырылды. Облыстың түкпір-түкпірінен жиналған 30-ға жуық ұлағатты ұстаз бас қосты.

Семинардың басты мақсаты – ұстаздардың кәсіби құзыреттілігін арттырып, дарынды балалармен жұмыс жасаудың ең тиімді әдіс-тәсілдерін насихаттау және өзара тәжірибе алмасу.



### Іс-тәжірибе – олимпиада биігінің кілті

Білім бәйгесінде шәкірттерін жүлделі орындарға жеткізіп жүрген тәжірибелі педагогтер семинар мінберінен өз құпияларымен бөлісті. Олимпиада резерві қалыптастыру, дарынды баланың әлеуетін жан-жақты ашу мәселелері қызу талқыланды.

Өз тәжірибелерімен бөлісіп, әріптестеріне бағыт-бағдар берген жетекші ұстаздардың есімдері ерекше атап өтуге лайық:



- Жакенова Куралай Куралтаевна – Ыбырай Алтынсарин атындағы № 37 гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі;
- Каптагаева Шнар Болсынбековна – Ыбырай Алтынсарин атындағы № 37 гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі;
- Шаяхметова Карлыгаш Жумағалиевна – № 17 жалпы орта білім беретін мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі;
- Мырзабекова Жанар Журтыбековна – А. Байтұрсынұлы атындағы № 47 жалпы орта білім беретін мектебінің мұғалімі;
- Серикбаева Меруерт Шарипхановна – № 7 жалпы орта білім беретін мектеп-лицейінің мұғалімі.
- «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» демекші, әрбір қатысушы семинардың тәжірибелік маңыздылығын жоғары бағалап, алған әдістемелік материалдарды өз жұмыстарында тиімді қолдануға дайын екендіктерін жеткізді
- Рухани мазмұны бай, іскерлікпен өткен бұл семинар қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдеріне жаңа серпін беріп, алдағы республикалық бәйгелерде топ жарар жаңа таланттардың шоғырын қалыптастыруға жол ашты.



## ӘДІСТЕМЕЛІК ТРЕНИНГ: «ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ОЙЛАРЫН ДАМУ – ОЛИМПИАДАҒА ДАЙЫНДАУДЫҢ ҚҰРАЛЫ»

2025 жылдың 19-20 қарашасы күндері «Семей қаласы білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№49 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ ғимаратында жалпы білім беретін пәндер бойынша 8-11 сынып оқушыларына арналған республикалық ғылыми жоба байқауының облыстық кезеңі аясында жетекші педагогтерге арналған ауқымды әдістемелік семинар тренинг өтті.

Шараның басты мақсаты — педагогтерге зерттеушілік жобаларды ұйымдастырудың тиімді жолдарын жан-жақты меңгерту. Бұл мақсатқа жету жолында алға мынадай нақты міндеттер қойылды:

- Зерттеушілік ойлау ұғымының мәнін терең түсіндіру;
- Оқушылардың бойында зерттеу дағдыларын дамытудың тәсілдерін көрсету;
- Ұстаздарға сабақ барысында және олимпиадаға дайындықта қолдануға арналған практикалық әдістемелер ұсыну.



## ТИІМДІ ТӘЖІРИБЕЛІК АЛАҢ

- Семинарға Жаратылыстану-математика бағыты (ЖМБ) және Қоғамдық-гуманитарлық бағыт (ҚГБ) бойынша 60-тан астам педагог қатысты. Облыстың тәжірибелі мұғалімдері мен жас мамандар өз тәжірибелерімен бөлісіп, оқушыларды ғылымға баулудың жаңа қырларын талқылады.
- Тренинг барысында зерттеушілік ойлаудың олимпиадалық тапсырмаларды шешудегі атқаратын рөліне ерекше назар аударылды. Себебі қазіргі олимпиадалар жай ғана жатталған формулалар мен қағидаларды тексермейді, керісінше, оқушының логикасын, күрделі жағдайдан шыға білу қабілетін және шынайы өмірлік мәселелерге ғылыми тұрғыдан қарау икемділігін сынақтан өткізеді.
- «Оқушының санасындағы «Неге?» және «Қалай?» деген сұрақтарды сөндіріп алмау — ұстаздың басты міндеті. Зерттеушілік ойлау қабілеті дамыған оқушы кез келген күрделі олимпиадалық есепті немесе ғылыми жобаны өз бетінше шешіп, түпкілікті нәтижеге қол жеткізе алады», — деген пікірлер шараның өзегіне айналды.



## ТАЛАНТТЫ ЖАСТАР – ЕЛ БОЛАШАҒЫ: «ДАРЫН» ОРТАЛЫҒЫ ЖАС ЗЕРТТЕУШІЛЕРГЕ ЖОЛ АШТЫ

Заман талабы білім беру саласына жаңа үрдістер мен тың бағыттарды батыл енгізуді талап етеді.

Бүгінгі таңда оқушылардың ғылымға деген қызығушылығын оятып, олардың шығармашылық және зерттеушілік әлеуетін ашу – ұстаздар қауымының басты міндеттерінің бірі. Осы орайда «ДҚББДОҒӘ «Дарын» орталығының» әдіскерлері ұйымдастырған ауқымды іс-шара білім беру үрдісіне серпін берген маңызды алаңға айналды.

Жиын барысында орталықтың тәжірибелі әдіскерлері өзекті тақырыптарда мазмұнды баяндамалар жасап, қатысушыларға әдістемелік бағыт-бағдар берді.

Атап айтқанда:

Олжабаева Айгуль Айткалиевна «Ғылыми жобаны рәсімдеу және оған қойылатын талаптар» тақырыбында баяндама жасап, жас зерттеушілердің еңбектерін халықаралық және республикалық стандарттарға сай рәсімдеу жолдарын жіті түсіндірді.



Толегенова Куралай Толеугалиевна «Ғылыми зерттеушілік жұмыстарға бейімдеу арқылы оқушы дарындылығын дамыту» атты әдістемелік құралымен таныстырды. Зерттеушілік жұмыстарға баулу бағытында ой өрбітіп, баланың бойындағы қабілетті ерте жастан байқап, оны ғылымға бағыттаудың тиімді әдістерін ортаға салды. Бохаева Анаргүль Сагатбековна «Оқушылардың зерттеушілік ойларын дамыту – олимпиадаға дайындау құралы» атты тақырыпты терең ашып, логикалық және зерттеушілік қабілеттердің олимпиадалық жеңістерге жетудегі рөлін айрықша атап өтті.

Шара тек теориялық баяндамалармен шектеліп қалмай, нақты іс-тәжірибе алмасу алаңына ұласты. Әсіресе, Бородулиха ауданы білім бөлімінің «Жезкент кенті мектеп-лицейі» КММ пән мұғалімдері Елюбаев К.А. мен Елюбаева Н.Г. қатысушылармен тиімді диалог құрып, «Оқушылардың зерттеушілік ойларын дамыту және ЖИ (жасанды интеллект)» атты өте өзекті тақырыпта өз тәжірибелерімен бөлісті. Бүгінгі цифрлық дәуірде жасанды интеллект мүмкіндіктерін ғылыми зерттеу жұмыстарына ұштастыру жолдарын көрсеткен ұстаздардың бұл бастамасы көпшіліктің үлкен қызығушылығын тудырды.

Мұндай басқосулар ұстаздардың кәсіби біліктілігін арттырып қана қоймай, шәкірттердің ғылым әлеміне сенімді қадам басуына жол ашады. Болашақтың инженерлері, ғалымдары мен зияткерлері осындай ізденіс пен ерен еңбектің нәтижесінде қалыптасатыны анық.




## МЕКТЕП ҚАБЫРҒАСЫНДАҒЫ ҒЫЛЫМ

Заманауи білім беру жүйесі оқушының тек білім алуымен шектелмей, оның шығармашылық әлеуетін ашып, ғылыми-зерттеушілік қабілетін дамытуды басты талап етіп отыр. Осы орайда, ұстаздардың кәсіби шеберлігін шыңдап, ғылыми-жобалау қызметіне тың серпін беру мақсатында маңызды шара ұйымдастырылды.

2026 жылғы 23 сәуір күні Семей қаласы білім бөлімінің «№ 40 орта мектебі» КММ сұранысы бойынша Абай облысы білім басқармасының «Дарын» орталығы арнайы іссапармен келді. Атап айтқанда, Абай облысы білім басқармасының Дарындылық пен қосымша білім беруді дамытудың ғылыми-әдістемелік «Дарын» орталығының инновациялық даму зертханасының басшысы Бохаева Анаргуль Сагатбековна және осы зертхананың әдіскері Тусекенова Гаухар Азаматовна мектеп ұжымына әдістемелік десант ұйымдастырды.

**Іс-шараның тақырыбы:** «Ғылыми зерттеу және жобалау қызметін ұйымдастырудың қозғаушы күші ретінде білім берудің дамытушылық кеңістігін құру».



## Ізденіс пен тәжірибе ұштасқан сәт


Кездесудің басты мақсаты — педагогтерге ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуде, оқушылардың жобаларын сапалы әзірлеуде әдістемелік тұрғыдан тәжірибелік көмек көрсету.

Мектептің білім беру кеңістігін дамытуға бағытталған бұл шараға білім ордасынан 30-ға жуық педагог қатысты. Мұғалімдер өздерін толғандырған сұрақтарын қойып, тәжірибелі мамандардан нақты жауаптар мен бағыт-бағдар алды.

Семинар барысында тек теориялық мәліметтер айтылып қоймай, ұстаздардың жұмысын жеңілдететін әдістемелік көмекші құралдар электронды түрде таратылды. Бұл өз кезегінде педагогтердің болашақтағы жобалау қызметіне сенімді қадам басып, сапалы нәтиже көрсетуіне берілген үлкен мүмкіндік болды.

Болашаққа бағдар

Мектеп қабырғасынан басталатын кішігірім ғылыми ізденістер ертеңгі күні үлкен жаңалықтарға жол ашатыны анық. Ұстаз бен әдіскердің өзара тығыз байланысы мен тәжірибе алмасуы білім сапасын арттырып қана қоймай, шәкірттердің ғылымға деген қызығушылығын оятады сөзсіз. Осындай мазмұнды әрі маңызды әдістемелік десанттар ұстаздар қауымына шабыт сыйлап, жаңа белестерді бағындыруға жол ашады.





## ӘУЕЗОВ ӘЛЕМІ – ҰЛТТЫҚ РУХТЫҢ АЙНАСЫ:

Ұлы Абайдың 180 жылдық мерейтойы қарсаңында Семей жерінде қазақ әдебиетінің алыбы Мұхтар Әуезовке арналған «Әлем таныған Әуезов. Әуезов әлемі» атты облыстық шығармашылық байқауы өтті. Бұл шара – тек оқушылардың өнерін паш ететін алаң ғана емес, ұлт ұстазы мен оның ізбасарының рухани сабақтастығын айғақтаған үлкен тағзым болды.

2025 жылдың 17 қазаны. Күздің алтын шуағына бөленген Семей қаласының білім ордаларының бірі – А. Байтұрсынов атындағы №47 ЖОББМ-нің қабырғасы бүгін жас дарындардың үнімен жаңғырды. Байқаудың басты мақсаты – XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің асқақ шыңы, Абай есімін әлемге паш еткен Мұхтар Әуезовтің мол мұрасын жас ұрпаққа дәріптеу.





## РУХЫ БИІК ЖАСТАРДЫҢ БӘСЕКЕСІ



Байқаудың ауқымы жыл санап кеңейіп келеді. Абай облысының 10 ауданы мен 2 қаласынан, сондай-ақ 3 облыстық мамандандырылған мектептен келген 110-нан астам дарынды оқушы өздерінің шығармашылық әлеуетін ортаға салды.

5-11 сынып оқушылары арасында өткен бұл жарыс жай ғана білім сайысы емес, Әуезов әлеміне жасалған рухани саяхат болды. Оқушылар ұлы жазушының қаламынан туған көркем дүниелерді терең талдап, олардың бойындағы адамзаттық құндылықтарды өз пайымдарымен саралады. Әрбір қатысушының өнерінен Мұхтар Әуезовтей кемеңгерге деген ерекше құрмет пен ұлттық рухтың жаңғырығы сезіліп тұрды.


### Ұстаз жолы – ұлы жол: Семинардың маңызы

Шығармашылық шараның тағы бір маңызды бөлігі қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдеріне арналды. Арнайы ұйымдастырылған «Дарынды оқушымен жүйелі жұмыс – жоғары нәтиженің кепілі» атты облыстық семинарға 50-ге жуық педагог қатысты. Бұл басқосуда оқытудың жаңа әдіс-тәсілдері мен дарынды балаларды қолдаудың тиімді жолдары талқыланды. Өйткені әрбір талантты оқушының артында жүйелі еңбек етіп жүрген ұстаз тұрғаны анық. Педагогтердің бұл басқосуы өзара тәжірибе алмасып қана қоймай, болашақта жаңа таланттарды тәрбиелеуге серпін берді.

### Мұхтар мұрасы – мәңгілік рухани қазына

М.О.Әуезов – Абайды әлемге жарқырата танытқан, ұлт тарихының көркем шежіресін жазып қалдырған ғасыр ғұламасы. Бүгінгі байқау – сол ұлы тұлғаның өлмес мұрасына жасалған шынайы тағзымның көрінісі.

Жазушының шығармаларындағы шындық, халықтың тұрмыс-тіршілігі, ар-ұят, адамгершілік мәселелері бүгінгі жастардың көзімен қайта түледі. Оқушылар Әуезов әлемі арқылы өз елінің тарихын, бабалар жолын терең түсініп, өмірлік маңызды сабақтар алды. Бұл – өскелең ұрпақтың рухани иммунитетін қалыптастырудағы таптырмас тәрбие көзі.



### Тағылымды кештің түйіні

Семей төрінде өткен бұл ауқымды шара өңірдің рухани өміріндегі айтулы оқиға ретінде тарихта қалды. «Әлем таныған Әуезов. Әуезов әлемі» байқауы жас буынның әдебиетке деген махаббатын оятып қана қоймай, ұлттық мұраның мәңгілік екенін тағы бір мәрте дәлелдеді. Ұлылардың ізін басқан жас ұрпақ барда, қазақ руханиятының көші де ешқашан бағытынан жаңылыспақ емес.

Бохаева А.С., Толегенова К.Т.- «ДҚББДОҒӘ «Дарын» орталығы» КМҚК инновациялық даму зертханасының әдіскерлері



## ХИМИЯ ЖӘНЕ БИОЛОГИЯ ОЛИМПИАДАЛАРЫНА ЖҮЙЕЛІ ДАЙЫНДЫҚ СЫРЛАРЫ



### Білім көші мен ғылым жолы

Заманауи әлемде білім – ұлттың бәсекеге қабілеттілігін айқындайтын басты тетік. Әсіресе жаратылыстану ғылымдары (химия мен биология) – бүгінгі инновациялық дәуірдің өзегі, жаңа технологиялар мен медициналық жетістіктердің іргетасы. Осы орайда дарынды оқушыларды ерте анықтап, оларды халықаралық және республикалық бәсекелерге сапалы бағыттау – кез келген өңірдің білім беру жүйесі үшін стратегиялық маңызды міндет.

2026 жылдың 26 наурызында 9–11 сынып оқушыларына арналған Ж. Күшікұлы атындағы химия-биология пәндерінен аймақтық олимпиада аясында өңір ұстаздарының басын қосқан маңызды басқосу өтті. «Жалпы білім беретін мектептерде химия және биология пәндері бойынша олимпиадаға жүйелі дайындықты ұйымдастырудың заманауи стратегиялары» тақырыбын арқау еткен бұл семинар педагогтер қауымы үшін тәжірибе алмасып қана қоймай, жаңа әдістемелік бағыттарды айқындаған сүбелі алаңға айналды.

### Семинардың мақсаты мен ауқымы: Ұстазға қолдау – оқушыға қанат

Іс-шараның басты мұраты – жалпы білім беретін мектептердегі жас дарындарды дер кезінде танып, оларды тереңдетілген олимпиадалық дайындықтан өткізудің тиімді әдіс-тәсілдерімен бөлісу, педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру.

Семинар жұмысына жоғары оқу орындарының оқытушылары, өңірдің білім беру ұйымдарынан жиналған 30-ға жуық химия және биология пәнінің мұғалімі, әдіскерлер мен тәжірибелі педагогтер белсене қатысты. Бір күнлік шара аясында олимпиадалық дайындықты жүйелі жүргізудің көкейкесті мәселелері жан-жақты талқыланды:

- Күрделі есептер мен тапсырмаларды шешудің инновациялық алгоритмдері;
- Пәндік білімді тереңдету жолдары және теорияны тәжірибемен ұштастыру;
- Оқушылардың зерттеушілік дағдылары мен сыни ойлауын дамыту тетіктері.

### Қатысушылар назарына ұсынылған маңызды бағыттар

Семинар барысында теория мен практиканың ұштасуына ерекше назар аударылды. Ұстаздар қауымына төмендегідей өзекті бағыттар ұсынылып, тәжірибелік мысалдар арқылы көрсетілді:

1. Тапсырмаларды құрастыру және сараптау ерекшеліктері: Олимпиада деңгейіндегі күрделі сұрақтардың логикасын түсіну және оқушыға түсіндіру жолдары.



2. Функционалдық сауаттылық: Оқушылардың алған теориялық білімін өмірлік жағдаяттарда қолдана білу дағдыларын дамыту әдістері.

3. Интеграциялық оқыту модельдері: Химия мен биология пәндерінің шекараларын ұштастыра отырып, нәтижеге бағытталған оқыту үдерісін құру.

4. Зертханалық жұмыстардың тиімділігі: Мектеп қабырғасында тәжірибелік жұмыстарды сапалы ұйымдастыру арқылы ғылыми ізденіске жол ашу.

### Озық тәжірибе және ұстаз еңбегіне құрмет

Бұл семинардың ерекшелігі – тек тыңдау форматымен шектелмей, өз ісінің шеберлері – озық тәжірибелі ұстаздар мен ғалымдардың нақты жетістіктерімен бөлісуі болды. Өз істерінің майталмандарына алғыс білдіріп, шығармашылық табыс тілейтін мамандар қатарында мына тұлғалар бар:







- Берікжанова Шырын Бауыржанқызы — «Шәкәрім университеті» КеАҚ, педагогика ғылымдарының магистрі;
- Нұрахметова Мәдина Ролланқызы — «Дарынды балаларға арналған Ш.Уәлиханов атындағы «Жас Ұлан» арнайы ерлер мектеп-лицей-интернаты» КММ;
- Карипбаева Лаура Төлегеновна — Жаңасемей ауданы білім бөлімінің «Жарқын ЖОББМ» КММ биология пәні мұғалімі;
- Ваулина Нина Алексеевна — Семей қаласы білім бөлімінің «№19 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ биология пәні мұғалімі;
- Тайлакбаева Меруерт Алдангоровна — Ұржар ауданы білім бөлімінің «Қ.Төлеубеков атындағы орта мектебі» КММ биология пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші;
- Кокеева Динара Түсөповна — «Шәкәрім университеті» КеАҚ, химия ғылымдарының магистрі;
- Мурсалимова Ольга Викторовна — Семей қаласы білім бөлімінің «Экономикалық лицейі» КММ химия пәні мұғалімі;
- Байболова Алия Тлектесовна — Бесқарағай ауданы білім бөлімінің «Беген орта мектебі» КММ педагог-сарапшы, химия пәні мұғалімі;
- Рогачева Любовь Михайловна — Бородулиха ауданы білім бөлімінің «В. Комаров атындағы орта мектебі» КММ химия пәні мұғалімі;
- Сускина Ольга Николаевна — Семей қаласы білім бөлімінің «Н.Г.Чернышевский атындағы №1 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ химия пәні мұғалімі.






Аталмыш іс-шара өңірдегі білім беру сапасын арттыруға, жас таланттарға қолдау көрсету жүйесін жетілдіруге және педагогтердің кәсіби тұрғыдан өсуіне тың серпін берді. Семинар қорытындысы бойынша қатысушыларға арнайы әдістемелік ұсынымдар беріліп, алдағы уақытта олимпиадалық қозғалысты дамытудың нақты қадамдары айқындалды.



Ғылым мен білім жолында талмай еңбек етіп жүрген ұстаздардың бұл бастамасы ертеңгі күні республикалық және халықаралық ареналарда көк туымызды желбіретер жас химиктер мен биологтердің жеңісіне ұласары анық.



## ОЛИМПИАДАЛЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТЫ ЖАҢА САПАЛЫҚ ДЕҢГЕЙГЕ КӨТЕРУ: «ХИМИЯ ЖӘНЕ БИОЛОГИЯ ПӘНДЕРІ БОЙЫНША ӘРТҮРЛІ ДЕҢГЕЙДЕГІ ОЛИМПИАДАЛЫҚ ЕСЕПТЕРДІ ШЕШУ» ОБЛЫСТЫҚ ВЕБИНАР

Ғылым – қарыштап дамыған заманда білім берудің жаңа көкжиегін игеру әрбір ұстаз үшін басты міндет. 2026 жылдың мамырдың 13 күні өткен шара – осы бағыттағы ізденістің айқын көрінісі болды.

Білім берудегі стратегиялық қадам Вебинардың басты мақсаты – пән мұғалімдеріне олимпиадалық есептерді шешудің ең тиімді әдіс-тәсілдерін ұсыну ғана емес, сонымен қатар оқушыларды әртүрлі деңгейдегі пәндік олимпиадаларға жүйелі түрде даярлаудың алгоритмін жасау. Облыстың әр түкпірінен жиылған 80-ге жуық химия және биология пәні мұғалімдері бұл басқосуды ортақ тәжірибе алаңына айналдырды. Мұғалімдер оқушылардың тек теориялық білімін емес, олардың ғылыми жобаларға деген қызығушылығын арттыру жолдарын талқылады.

**Іс-шараның маңыздылығы:**  
«Күрделіден – қарапайымға»

Вебинар барысында олимпиадалық тапсырмаларды талдау, күрделі есептерді шешудің оңтайлы жолдары, оқушылардың ғылыми ойлау дағдыларын дамыту мәселелері кеңінен қарастырылды.

- Әдістемелік жаңашылдық: Спикерлер пәндік олимпиадаға дайындаудағы заманауи тәсілдерді ұсынды.
- Тәжірибе алмасу: Мұғалімдер өздерінің оқушыларымен жұмыс істеу кезінде кездесетін қиындықтар мен оны шешу жолдарын ортаға салды.
- Дарынмен жұмыс: Дарынды балаларды іріктеу және оларды ұзақ мерзімдік олимпиадалық дайындыққа баулу мәселелері көтерілді.

Бұл кездесу ұстаздардың әдістемелік қорын толықтырып қана қоймай, жаратылыстану пәндері бойынша білім сапасын арттыруға серпін берді.



## Тәжірибе мен ізденіс тоғысқан мінбер

Вебинардың сапалы өтуіне шығармашыл ұстаздар үлкен үлес қосты:

- Химия пәні бойынша: Сайлаубеков А.Ж. (Курчатов қ.) және Темергалиева К.К. (Семей қ.) есеп шығарудағы жаңашыл әдістерді көрсетті.
- Биология пәні бойынша: Мамбетбаева А.А. (Үржар ауданы), Сансызбаева Ж.А. (Семей қ.) және Наурызбай А.С. (Курчатов қ.) биологиялық құбылыстарды талдаудағы заманауи тәсілдерді баяндап, пәнге қызығушылықты арттырудың құпияларымен бөлісті.



**Ұстазға арналған түйін:** Алда не күтіп тұр?

Бүгінгі вебинар – кәсіби дамудың, өзара тәжірибе алмасудың және жаңа идеялармен шабыттандудың маңызды алаңы болды. Қатысушы мұғалімдер вебинарда алған білімдерін өз мектептеріндегі оқушылармен жұмыста қолдануға дайын екендіктерін білдірді.

Мұндай кәсіби кездесулер – жаратылыстану ғылымдарының мәртебесін көтеріп, жас ғалымдар мен болашақ олимпиада жеңімпаздарының қалыптасуына негіз болатын маңызды қадам. +/ Үздіксіз ізденіс – ұстаздың басты қаруы, ал білімді шәкірт – оның еңбегінің жемісі.

Қорыта айтқанда, облыс ұстаздары олимпиадалық қозғалысты дамытуда бір мақсатқа жұмылып, алдағы уақытта жаңа белестерді бағындыруға шешімге келді.



**Сапалық таллау әдістеріне есеп:**

**2-есеп: Олимпиадалық деңгей (4 белгісіз зат)**

**Шарт:**  
Төрт құтыда нөмірленбей мына заттардың ерітінділері берілген:  $\text{AgNO}_3$ ,  $\text{HCl}$ ,  $\text{Na}_2\text{CO}_3$  және  $\text{KI}$ . Аналитик оларды өзара араластырып, нәтижелерін А, Б, В, Г әріптік матрицасына жазады:

| Ерітінді | А               | Б            | В               | Г       |
|----------|-----------------|--------------|-----------------|---------|
| А        | ×               | Ақ тұрбы (1) | Сарғы тұрбы (1) | Газ (1) |
| Б        | Ақ тұрбы (1)    | ×            | —               | —       |
| В        | Сарғы тұрбы (1) | —            | ×               | —       |
| Г        | Газ (1)         | —            | —               | ×       |

**«БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ  
«ҚОҒАМҒА ҚЫЗМЕТ ЕТУ»  
ЕРІКТІЛЕР ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ**



Семей қаласындағы «Облыстық балалар биологиялық орталығы» КМҚК базасында «Біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде «Қоғамға қызмет ету» еріктілік қызметін ұйымдастыру» тақырыбында облыстық практикалық семинар өтті.

Семинарды Абай облысы білім басқармасының Дарындылық пен қосымша білім беруді дамытудың облыстық ғылыми-әдістемелік «Дарын» орталығы ұйымдастырды. Іс-шараға облыстың жалпы білім беретін ұйымдарынан 65 жас тәлімгер қатысты.



Семинар барысында волонтерлік жобаларды жоспарлау және жүзеге асыру тәжірибелері ұсынылып, еріктілік қызметін тәрбие жұмысына тиімді кіріктірудің әдіс-тәсілдері қарастырылды. Қатысушылар шеберлік сабақтары мен практикалық жұмыстарға қатысып, өзара тәжірибе алмасты.



Іс-шара жас ұрпақтың бойында патриоттық сезім, әлеуметтік жауапкершілік пен қоғамдық белсенділікті қалыптастыруға бағытталған маңызды тәжірибе алмасу алаңына айналды.



## МЕКТЕП ПАРЛАМЕНТИ – ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ МЕКТЕБІ

Бородулиха ауданы білім бөлімінің «Әлихан Бөкейхан атындағы қазақ орта мектебі» КММ базасында «Мектеп парламентінің өзін-өзі басқарудағы маңыздылығы» тақырыбында тәлімгерлерге арналған облыстық семинар өтті.



**Семинардың негізгі мақсаты** – мектеп парламентінің жұмысын тиімді ұйымдастыру, оқушылардың өзін-өзі басқару жүйесін жетілдіру және тәлімгерлер арасында тәжірибе алмасу.


Іс-шара барысында қатысушылар мектеп парламентінің қызметін ұйымдастырудың тиімді жолдарымен танысып, өзара тәжірибе алмасты. Сонымен қатар түрлі форматтағы кездесулер мен пікірталастарға қатысып, оқушылардың көшбасшылық қабілеттерін дамыту, бастамаларын қолдау және қоғамдық белсенділігін арттыру мәселелері бойынша пікірлерін ортаға салды.

Семинар бағдарламасы аясында қатысушыларға мектеп оқушыларының шығармашылық жұмыстары да ұсынылды. Іс-шара «Азаттық жолындағы арман» атты сахналық қойылыммен және оқушылардың музыкалық бағдарламасымен қорытындыланды.

Облыстық семинар тәлімгерлер үшін тәжірибе алмасуға, жаңа идеялармен бөлісуге және мектеп парламентінің жұмысын одан әрі жетілдіру бағыттарын талқылауға мүмкіндік берген мазмұнды алаң болды.

**Мектеп парламенті** – оқушылардың өз пікірін еркін білдіріп, бастама көтеруіне, жауапкершілік пен көшбасшылық қасиеттерін қалыптастыруына мүмкіндік беретін маңызды өзін-өзі басқару алаңы

## «ABAY FIRST SCRIMAGE 2025»



Абай облысының білім басқармасы ММ «Дарындылық пен қосымша білім беруді дамытудың облыстық ғылыми-әдістемелік «Дарын» орталығы» КМҚК, Семей қаласы білім бөлімінің “№ 51 жалпы орта білім беретін мектебі” КММ базасында информатика пәні мұғалімдеріне арналған «Abay FIRST Scrimmage 2025» облыстық семинары өтті.

 Семинардың мақсаты- STEM дағдылар мен цифрлық технологияларды дәріптеу, оқушылардың ғылыми-техникалық қызметке деген қызығушылығы мен шығармашылық қабілеттерін арттыру.

♦ Іс-шараға аудандық, қалалық білім бөлімдерінен және облыстық дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектептерінен 70 -ке жуық информатика пәні мен робототехника саласының мұғалімдері қатысты. Семинар барысында, ментор Тұрсынбеков Айдос Асқатұлы және Елшатов Еділ Әділғазыұлы мұғалімдерге робототехниканың маңызын түсіндіріп, **FIRST** бағдарламалары туралы керемет тәжірибемен бөлісті.

♦ Scrimmage - мұғалімдерге арналған воркшоптар мен семинарлар өткізіліп және командаларды жарыстарға тиімді дайындау әдістерін жақсырақ түсінуге көмектеседі. Бұл педагогтарға білімдерімен және тәжірибелерімен алмасуға, сондай-ақ алдағы турнирлерде қатысушыларды қолдауды жақсартуға мүмкіндік береді.

Мұндай іс-шаралар командалар мен жаттықтырушыларға тәжірибе жинауға, күшті және әлсіз жақтарын анықтауға және негізгі жарыстарға дейін қажетті жетілдірулер енгізуге көмектеседі.



## «МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА ӘСКЕРИ-ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ МАҢЫЗЫ» ТАҚЫРЫБЫНДА ОБЛЫСТЫҚ СЕМИНАР-ПРАКТИКУМ

Абай облысы Көкпекті ауданының Көкпекті орта мектебі базасында «Мектеп оқушыларына әскери-патриоттық тәрбие берудің маңызы» тақырыбында облыстық семинар-практикум ұйымдастырылды.

Іс-шараға Семей, Курчатов қалаларынан, сондай-ақ Абай, Ақсуат, Аягөз, Бородулиха, Жаңасемей, Жарма, Мақаншы, Үржар және Көкпекті аудандарынан келген білім бөлімдерінің әдіскерлері мен алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәні мұғалімдері қатысты.



Семинар-практикумның негізгі мақсаты – мектеп оқушыларының бойында патриоттық сезімді арттыру, ұлттық құндылықтарды дәріптеу және Отанға деген құрметті қалыптастыру арқылы олардың азаматтық жауапкершілігін күшейту, Отан алдындағы борышын терең сезінуіне ықпал ету.



Іс-шара аясында қатысушылар әскери-патриоттық бағыттағы үздік тәжірибелермен бөлісіп, оқу-тәрбие процесінде қолдануға болатын әдістемелермен танысты. Семинар барысында ашық сабақтар, шеберлік сағаттары, пікір алмасу алаңдары ұйымдастырылып, әскери-патриоттық тәрбиенің заманауи тәсілдері талқыланды.



Семинар соңында қатысушылар патриоттық тәрбиені дамыту жолдарын айқындап, бірлескен ынтымақтастықты жалғастыруға уағдаласты. Семинар-практикум жоғары дәрежеде өтті. Іс-шара барлық қатысушылар үшін мазмұнды әрі тәжірибеге бай платформа болды.





Ресми сайттар:



[abaidaryn.kz](http://abaidaryn.kz)



[abaidaryny](https://www.instagram.com/abaidaryny)



[abai\\_daryn\\_ortalygy](https://www.facebook.com/abai_daryn_ortalygy)